



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

4. Х.Алтай, «Қазақтар туралы шежіре», Стамбұл.,1977,35-40-бб.
5. Х.Алтай, Естеліктерім, Стамбұл.,1980,45-48-бб.
6. З.Х.Алтай,Атажұрттан Анадолыға дейін,Анкара.,1981,56-58-бб.
7. www.trt.net.tr - Түркиядағы қазақтар және олардың тарихы

УДК 159.9

## **ЖЫНЫСТЫҚ ДИМОРФИЗМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРІНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЖЕКЕ-ДАРА ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

**Рахымжан Назерке Бауыржанқызы,  
Жақсылықова Мәдина Еркінқызы**

«Психология» мамандығының 3-курс студенттері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
Ғылыми кеңесші - Ерментаева А.Р.

Шет елдік және отандық психологияда жеке-дара ерекшеліктер бойынша мәселелер көп зерттелген. Бірақ қазақ жеткіншектерінің жеке-дара ерекшеліктері бойынша зерттеулер аз.

Жеткіншектік шақ балалар дамуындағы ең күрделді, тұлғаның қалыптасу процессі жүретін маңызды жас кезеңі. Жеткіншек шақ баланың өзін үлкендермен тең көріп нағыз тұлғалық ерекшеліктер қалыптасатын жас болып есептелінеді. Жеткіншек шақтың басты ерекшелігі өзіндік сана (Л.С. Выготский), эгожекешеліктің дамуы (Э. Эриксон) болады.

Адам дамуы үшін әр жас кезеңі маңызды. Дамудың барлық сатылары сапалы өзгерістерге ұшырай бастайды. Жаңа әлеуметтік шарттар, қызығушылықтар қалыптасып, жаңа көзқарастар пайда бола бастайды. Бұл ерекшеліктерді ресей ғалымдары: Л.И.Божович, В.В.Давыдов және т.б ғалымдар ғылыми мәнділігі жоғары зерттеу жұмыстарын жүргізген. Отандық психологияда жеткіншек шақ мәселесін А.Х.Кумисбекова, Ж.Е. Алшынбаева қарастырған.

Зерттеу жұмыстары жеткіншектің дамуының келесі мәселелеріне тоқталады: жеткіншектің тұлғалық ерекшеліктері мен когнитивті дамуы; агрессия және жалғыздық жайттары; қарым – қатынас жасау қабілеті.

Жеткіншек шақ – орталық және спецификалық мазмұны бойынша жеткіншектегі «мен енді кішкене бала емеспін» деген ой қалыптасатын, өзін тәуелсіз сезіну мен еркіндікке құштар болатын жас шағы.

Негізінен жеткіншектердің оқу процесінде көрсететін мүмкіндіктеріне гендерлі айырмашылықтар себеп болады. Т.П. Хризман жеткіншек шақта ер балалар мен қыз балалар деп жеке – жеке қарастырады. Жеткіншек шақта ер балалар мен қыз балалар арасында бірнеше психологиялық, физиологиялық өзгерістер байқалады. Қыз балалар мен ұл балалардың дамуындағы айырмашылықтарға тоқталған. Қыздар сөйлеген кезде көбіне әдемі сөздерді жиі қолданады, басқа адамдар туралы өз пікірлерін көп қалдырады, достық қарым-қатынасты күшейту үшін «секрет» жиі айтылады. Ал ұл балалар болса, іс-қимылдармен дәлелдеуге тырысады.

Әлеуметтену процесінде жеке тұлға қоғамдық қатынастардың объектісі мен субъектісі ретінде анықталады. А.В. Петровский [1] қыз балалар өзін - өзі бағалауы, қоршаған ортамен қарым – қатынас жасаған жағдайда өзіне сенімді болуы үшін өз – өзіне қарау күшейеді. Ер балалар қарым – қатынас жасауда өзіне сенімділікті тәжірибесі мен білімінен іздей бастайды. Л.В.Занкова бойынша жеткіншек жастағы қыздар бір-бірімен әңгімелесу барысында ұлдар жайында, киім киістері туралы және өз дене пішіндері, т.с.с сияқты әңгімелерді жиі қозғайды. Ал ұлдар болса спорт немесе механика айналасындағы мәселелерді талқылағанды ұнатады [2]. Жыныстық ерекшеліктер олардың оқу іс - әрекеттерінде де айырмашылыққа ие болады. Мысалы, қыз балалар оқу процессі кезінде эмоциялық қолайлы сезінеді, ұстазымен тығыз қарым –қатынасқа түсіп ойын ашық жеткізуге бейім келетін болса, ұл балалар оқу процессі кезінде ішкі эмоциялық күйде қысым сезеді және сырт көзге мүлдем шыдамсыз

кейіпте болады. Жеткіншек шақтағы балалардың тұлғалық ерекшеліктерін анықтап алатын болсақ білім беру, қоғамға еніп әлеуметтену процессін өтіп жатқан жеткіншекке дұрыс бағыт – бағдар бере алу арқылы кемел қоғам құруға негіз болады. Зерттеу жұмысы барысында бірнеше ерекшеліктер байқалды, бірақ жалпы алғанда ер балалар мен қыз балалар арасында жоғары дәрежедегі айырмашылықтар байқалған жоқ. В.Д.Еремеева, Т.П.Хризман оқу процесіндегі айырмашылықтарды өз зерттеулерінде жақсы қарастырады. Олар «егер қыздарға қарағанда ұл балалардың оқу үлгерімі төмен болса, сонымен қатар, оларды тәрбиелеу қиынға соқтырса, онда неге көптеген ғалымдар, жазушылар, суретшілер, композиторлар және конструкторлар – ер адамдар?» деген сұраққа жауап іздеген. Олар өз зерттеулерінде қыздар мен ұлдарға сұрақ қою арқылы олардың ойлау қабілеттерін тексерді. Тексерген кезде тек ұл балалар ғана жаңа идеялармен жауап берген. Қыздар оларды толықтырып қана отырған. Осыдан ұл балалардың қыздарға қарағанда ойлау қабілетінің біраз жоғары болатынын көруге болады [3].

Біздің зерттеуге 20 ересек жеткіншек жастағы балалар қатыстырылды:

- Ересек жеткіншектер: 14-16 жас; n=20, IX – сынып оқушылары.
- Зерттеуге 10 қыз бала және 10 ұл бала қатысты.

Зерттеуде мынадай әдістер қолданылды:

- Тұлғалы ерекшелікті анықтау үшін жеткіншектерге арналған Кеттелл сауалнамасы қолданылды.

- Эмоциялық интеллектіні анықтау үшін Д.В.Люсиннің (ЭМИн) сауалнамасы.


- Статистикалық айырмашылықтарды анықтау үшін Студенттің t-критерийі қолданылды.

Әдісті диагностикалаудың алғашқы сатысында-ақ ер балалар мен қыз балалар арасында тұлғалық ерекшеліктер байқалынды.

Кеттелл тестінің 16 факторы бойынша қыз балалар және ұл балалардың тұлғалық қасиеттері анықталды.


Жеткіншектердің тұлғалық дамуындағы жеке-дара ерекшеліктерін анықтау нәтижелері 1-суретте көрсетілген.

Негізінен ұл балаларда қыз балалармен салыстырғанда немқұрайлық, ашушаңдық деңгейлері әлдеқайда төмен болды. Топтар арасындағы айырмашылық ( $p < 0.05$ ) статистикалық мәнді.



1 сурет. Кеттелл тестінің көмегімен қыз балалар және ер балалардың тұлғалық дамуындағы жеке-дара ерекшеліктері. Мұндағы: А – жүректілік; В – интеллект; С – эмоцияналды тұрақтылық; D – мазасыздық; Е – талап ету; F – ұқыпсыздық; G – ар – ұждан; H – батылдық; I – мейірімділік; L – жеке даралық; O – өзін айыптымын деп сезіну; Q2 – дербестік; Q3 – тілектерін қадағалай алу; Q4 – фрустрациялану;

Оған қоса зерттеу кезінде ер балалар мен қыз балалар арасында эмоциялық интеллект айырмашылықтар байқалды. Қыз балалардың тұлғааралық түсініктер және эмоцияларды түсіне алуы ер балалармен салыстырғанда төмен болды (2-сурет).



2 сурет.

Д.В.Люсин сауалнамасы бойынша ер балалар мен қыз балалардың эмоциялық интеллектісінің орташа мәні. Мұнда: МП – тұлғааралық түсінісу; МУ – тұлғааралық басқару; ВУ – ішкі тұлғааралық басқару; КЭ – экспрессияны басқару; ВП – ішкі тұлғааралық түсінушілік; ОМ – жалпы тұлғааралық; ОВ – жалпы ішкі тұлғааралық; ПЭ – эмоцияны түсіні; УЭ – эмоцияны басқара алу;

Сонымен, ер балалар және қыз балалардың жеткіншектік жастағы тұлғалық қасиеттерін салыстыру барысында, ер балалардың бағыттылығы жоғары дәрежені және фрустрациялану төмен көрсеткіш берген. Қыз балалар және ер балалардың жеткіншектік жастағы эмоциялық интеллект бойынша айырмашылық байқалмады. Сол себепті зерттеу нәтижелері бойынша аутсайдер позициясында болатын жеткіншектердің өзіне ғана тән тұлғалық ерекшелігі болды.

Біз үшін аутсайдерлер мен жоғары статусты оқушылар арасындағы эмоциялық интеллект байланысы маңызды болды. Тұлғааралық түсінушілік және эмоцияларды түсіну бойынша төмен статусты оқушыларда төмен көрсеткіш болды. Бұл олардың басқа адамдардың эмоциясы мен қарым – қатынасын түсінуде қиналатынын байқатады. Бұндай жеткіншектер мимика және адамның сөйлеудегі дыбыс ырғағының мәнін айыра алмаушылықтан өздерін осындай күйге түсіреді. Жеткіншек жаста қатарластарымен тұлғааралық қарым – қатынаста болу басты іс - әрекет түрі болып есептеледі. Басқа адаамдардың эмоциясын түсіне алмайтын жеткіншектер тұлғааралық қарым – қатынас жасауда қиындықтарға тап болады.

Сонымен қоса, ер балалар арасындағы аутсайдерлерде орта статусты жеткіншектерге қарағанда фрустрациялану дәрежесі өте төмен болды. Бұл олардың мақсаттары мен талпыныстарының төмендігін көрсетеді. Осындай нәтижеге ие болған жеткіншектер үшін жеңіс, сәттілік ұғымдары еш маңызды емес. Мүмкін бұл олардың төмен статуста болғандықтан қорғаныш реакциясының әсері шығар.

Қыздар арасындағы аутсайдерлерде эмоциялық жай – күйді түсіне алу қабілеті өте төмен дәрежеде дамуы көрінеді. Олар қатарластарымен қарым – қатынас барысында агрессияға жылдам ұшырайтыны және басқа жеткіншектің жағдайына жан ашушылық қабілетінің болмауын көрсетеді. Сол себепті нақты жолдастық, достық қарым – қатынастар шынайы байқалмайды. Жеткіншек жастағы қыздар арасындағы аутсайдерлерде дербестік дәрежесі өте жоғары екені анықталды. Олар өзбетінше өмір сүруге және жалғыздыққа бейім келеді. Олар топтың ойын қабылдамайды. Оларға ол маңызды емес. Олар кейбір жағдайларда басқалардың пікіріне қарсы жұмыс жасауы да мүмкін.

Ер балалардағы картина мүлде басқа. Бұл топтағы аутсайдерлер қозғыштығымен ерекшеленеді. Олардың реакция күші стимулға сәйкес келмейді: әлсіз стимулға мықты жауап беруі мүмкін немесе керісінше жылап жіберуі мүмкін. Оларға өз - өздерін қолында ұстау өте қиын. Сол себепті құрдастары олардан қашқақтап жүруге бейім болады.

Жоғары дәрежеде қозғыштыққа және адекватты емес қабілеттерге бейім болса да ер балалар өздеріне деген сенімділік пен қабілеттіліктеріне сенімді болады. Мақсат қоймаған жеткіншектер белгілі бір нәрсені қаламайды және сәттілік пен жеңіске дәмелі болмайды. Сол себепті аутсайдер ер балалар нәтижеге жете алмаған жағдайда күйзеліс немесе құлазу сезімдерін сезінбейді.

Алынған нәтижелер бойынша қыз бала және ер балалар арасындағы аутсайдерлердің тұлғалық ерекшеліктерінің бар екендігін көрсетеді. Аутсайдерлер өздерінің қозғыштығы мен мақсатқа жету дәрежесінің төмендігімен ерекшеленеді және тұлғааралық түсінушілік және эмоцияларды түсіне алмаушылықтың жоғары болуымен ерекшеленеді.

Сонымен:

➤ Жеткіншек жастағы ер балалар мен қыз балалар тұлғалық дамуда өздерін ің жеке-дара ерекшеліктерімен сипатталады.

➤ Жыныстық айырмашылыққа байланысты жеткіншектерде жеке-дара ерекшелік әр түрлі болады.

➤ Жеткіншек жастағы ер балалар тобында өздігінше жүріп – тұру және қоршаған ортамен байланысуы қиын екені анықталды. Олар адамдардың эмоциялық күйіне мән бере қоймайды.

➤ Жеткіншек жастағы қыз балалар керісінше, эмоциялық тұрақты. Олар өзіне - өзі сенімді және мақсатқа жетуге, жетістік пен жеңіліске немқұрайлы қарайды.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Петровский А.В. Введение в психологию. М., 1995.
2. Еремеева В.Д, Хризман Т.П. Мальчики и девочки – два разных мира. М.,1998.
3. Люсин Д.В. Новая методика для измерения эмоционального интеллекта: опросник ЭМИн // Психологическая диагностика. 2006. № 4. С. 3–22.
4. Рыбаков О.Е. Атлас для экспериментально-психологического исследования личности. СПб: Каро, 2008. 120 с.

УДК 007.689

### **УРОВЕНЬ И КАЧЕСТВО ЖИЗНИ В КАЗАХСТАНЕ**

**Садуахасова Диана Муратжанкызы**

[saduakhassova@inbox.ru](mailto:saduakhassova@inbox.ru)

студентка специальности «Социальная работа» Евразийский национальный университет

имени Л.Н. Гумилёва

Астана, Казахстан

Научный руководитель - Капин Б.

На современном этапе развития экономики, проблемы уровня жизни населения и факторы, определяющие его динамику становятся очень важными. От их решения во многом зависит направленность и темпы дальнейших преобразований в стране и в конечном счете политическая, а следовательно и экономическая стабильность в обществе. Решение этих проблем требует определенной политики, выработанной государством, центральным моментом которой был бы человек, его благосостояние, физическое и социальное здоровье. Именно поэтому все преобразования, которые так или иначе могут повлечь изменение уровня жизни, вызывают большой интерес у самых разнообразных слоев населения.